**Мәртөк ауданы Қазан ауылы «Қазан жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ 2023-2024 оқу жылына арналған 6 «Ә» сыныптың «Жолда жүру ережесі» қосымша бағдарламасы бойынша жылдық талдау есебі**

Ағымдағы оқу жылына жоспарланған 10 тақырыптың барлығы тәрбие сағатына кіріктіріліп жүргізілді. Әр айда 1 тақырыптан өткізіліп отырылды. Қыркүйек айында жүргіншілердің қауіпсіздігі мен жолда жүру ережелерімен таныстырылды. Қазан айында жолда жүру ережелері туралы тест тапсырмалары алынып, жолда жүру ережесінің негізгі түсініктері және терминдерімен, сонымен қатар көлік құралдарындағы нөмірлік, айырым белгілері мен жазбалардың міндетімен таныстырылды. Қараша айында оқушылардың жол көлік оқиғасы кезінде өз-өздерін қалай ұстау керектігі туралы баяндалып түсіндірілді. Желтоқсан айында жарақаттанғанда, жаралап алғанда және жазатайым жағдайларда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек туралы сабақтар өткізілді. Қаңтар айында жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігімен таныстырылды. Ақпан айында жүргіншілерге арналған жолда жүру ережелері мен жол қақпандары туралы айтылды. Наурыз айында велосипедке қойылатын техникалық талаптар және велосипедшілер қозғалысына қойылатын қосымша талаптар туралы таныстырылды. Сәуір айында жол көлік оқиғасына әкеліп соғатын жол жағдайлары туралы айтылды. Мамыр айында қорытынды сабақ өткізілді. Жылдық жоспарға сай он тақырып жоспарланып олардың барлығы өз кезегімен өткізіліп отырды.

Сынып жетекшісі: Жанатова А.А.